

**Жоғары мектеп
педагогикасының
әдіснамасы**

Әдіснама – Әдістер туралы ілім, оларды зерттеушінің ойлау сипатын, оның танымдық үдерісінің дамуының жолын анықтаушы ретінде қарастыру қажет.




Оқыту, тәрбиелеу мен дамыту теориялары педагогика Ғылымы әдістерінің негізгі мазмұнын құрайды. Кез келген мұндай теория зерттеу әдісі қызметін атқара алады және басқа теориялардың құрамды бөлігі болып табылады.

Әдіснама:

- Ғылыми әдістер туралы теориялық ілім;
- Әдіс жөніндегі Ғылым негізін педагогикалық зерттеулер құрайтын неғұрлым жалпы қағидалар мен әдістер жүйесі;
- жаңа педагогикалық білімдерге қол жеткізу тәсілдері жөніндегі білімдер жүйесі;
- белгілі бір немесе одан басқа теория мен зерттеу бағдарламасын қабылдауға немесе қабылдамауға ықпал ететін ереже болып табылады.

Педагогика Әдіснамасы кең мағынасында– оның пәнін зерттеудің жалпы ғылыми және арнаулы әдістері мен теориясын, ал тар мағынасында – жаңа ғылыми-педагогикалық ақпараттарды алу, оны талдау мен түсіндіру әдістері жүйесін қамтитын жаңа педагогикалық білімдерді алудың тәсілдері туралы жүйе, яғни:



педагогикалық ғылымдағы зерттеу қызметінің бағыттарын, оның мақсаттары мен құрылымын, сондай-ақ, жаңа білім алу қағидалары мен әдістерін анықтайтын жалпы гносеологиялық нұсқаулар жүйесі.

М.А. Данилов педагогика әдіснамасының келесідей анықтамасын ұсынды: «Педагогиканың әдіснамасы педагогикалық қызметті көрсететін педагогикалық теорияның құрылымы мен негіздемелері туралы, білімді алу тәсілдері мен әдістері, қағидалары туралы білім жүйесі болып табылады».

*

- **Жоғары мектеп оқытушысы** – арнайы даярлығы бар және педагогикалық іс-әрекетпен айналысатын кәсіби адам.

*

- Оқытушы - жалпы білім беретін әр түрлі типтердегі мектептерде оқушылармен оқу-тәрбие жұмысын жүргізетін маман, дүниеге ғылыми дидактикалық-материалистік көзқарасты, әлеуметтік, психологиялық, педагогикалық даярлықты, жоғары адамгершілікті, қоғамдық белсенділікті, білім алушыға және мамандыққа деген сүйіспеншілікті, дербес білім алу мен өзін-өзі тәрбиелеу жолдарын, қажеттілігін игерген қазіргі заманның алдыңғы қатарлы азаматы.

- Болашақ мұғалімдерді кәсіби-педагогикалық әрекетке даярлау-оқытушылардың үздіксіз педагогикалық ізденісіне тәуелді. Соңғы кезде қоғамдағы болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге байланысты білім деңгейінің көтерілуі, жеке адамдардың қарым-қатынасын жетілдіру мен оның тиімділігін арттыруды қарастыру мәселесін тудыруда. Мұны ғылымда **инновация**, болмаса **инновациялық қызмет көрсету** деп атайды.

- Жоғары оқу орнында мұғалім даярлау ісіндегі инновация – қарым-қатынас жасаудың әдіс-амалын табу арқылы оқушылар тұлғасын қалыптастыруға үйрету, қоғам сұранысына байланысты білім, тәрбие беру әдістерін жетілдіру, соған сәйкес жаңа нәтижеге жету мүмкіндігін қамтиды.

- Ең басты мәселе- болашақ мұғалімнің тұлғалық қасиетін көрсету. Осы мақсатты шешу үшін оқу орындарында қоғамдық, экономикалық, құқықтық, психологиялық-педагогикалық оқу курстары оқытылады. Бұлардың ішінде педагогика, студентті белгілі бір мамандыққа даярлап қана қоймай, олардың тұлғасын қалыптастыруға да елеулі ықпал етеді.

- **Оқытушының маңызды қызметі-** оқыту, білім беру, тәрбиелеу, тәрбиелеу үрдісінде жеке тұлғаны қалыптастыру.

- **Педагог**- оқу орындарында, мектепке дейінгі және басқа мекемелерде сабақ немесе тәрбие жұмысын жүргізетін тұлға, ақылшы, ұстаз, баланы тәрбиелейтін, оқытатын маман.
- **Педагогикалық мораль**- мұғалім тәртібіне, мінез-құлқына, өзін-өзі ұстау, қарым-қатынас жасау мәдениетіне қойылатын белгілі бір талап тілектердің, қағида мен ережелердің, қалыптық, мазмұндық ой-тұжырымдардың жүйесі, жиынтығы.
- **Педагогикалық стиль**-мұғалімнің жұмыс тәжірибесінде қалыптасқан педагогикалық шеберлікке тән сипат.
- **Педагогикалық шеберлік**-балаларды сүйетін, жүрек қалауымен әрбір педагогтың қол жетерлік тәрбие мен оқытуда тұрақты жетілдіріп отыратын өнер.
- **Педагогикалық әдеп**-мұғалімнің кәсіптік сапасы мен кәсіптік белгісі. Мұғалім кәсібінің ерекшелігі, ең алдымен оның педагогтік әдебінде.
- Мұғалім жұмысында педагогтік әдеп сақталмайынша, оқушылармен тіл табыспайынша, оқу-тәрбие процесінде ілгерілеу жоқ. Белгілі психолог М.Д.Лебитов атап көрсеткендей, педагог әдептен құр болса, оқушылардың тәрбиесіне залалы тиеді. Олардың бойында кейін түзеуге қиын соғатын әр түрлі жаман әдет-қылықтардың пайда болуына себеп болады. М.Д.Лебитовтың байқауынша, мұғалімнің әдеп әлемінен алыстығы оқушыны тұйыққа, сенімеіздікке, жаман оқуға бастауы ықтимал.
- **Педагогтың әдебі**- ілтипаттылық, сенім білдірушілік, әділдік, төзім мен сабыр сақтау деген қасиеттермен өлшенеді.

Педагогикалық шеберлік компоненттері:

- -психологиялық, педагогикалық, әдістемелік білімдері, өз пәнін еркін, терең игеруі;
- -мамандығына бейімділігі, педагогикалық қабілеттілігі;
- -педагогикалық сүйіспеншілік пен балаларға деген сенімділігі;
- -ұйымдастырушылық шеберлігі;
- -оқу-тәрбие процесінде кездесетін қиындықтарды жеңе білу, шешімді дұрыс, әрі уақытында қабылдай алуы;
- -ұстаздың сезімталдығы, үлкен жүректілігі;
- -педагогикалық техника.

Педагогтың қабілеттері мына түрде кездеседі:

- ұйымдастырушылық (студенттерді сабаққа ұйымдастыра білу),
- дидактикалық қабілеті (оқу материалдарын білуі),
- перспективтік қабілет (байқағыштық),
- студенттердің психикалық жан-дүниесін анықтау,
- коммуникативтік қабілет (байланыс),
- студенттермен дұрыс қарым-қатынас жасау,
- супесивтік қабілет (беделдік),
- студенттің беделіне эмоционалды, еріктік ықпал ету арқылы жету,
- зерттеушілік (академиялық) қабілет (педагогикалық зерттеуді шешу, бағалай білу),
- ғылыми-танымдық қабілет;
- ғылыми білімдерді білу, тану;
- сөйлеу қабілеті (дауыс ырғағының дұрыс болуы),
- елестете білу қабілеті (сабақты алдын ала елестету, алдын ала дайындау).

ЖОҒАРЫ МЕКТЕП ПЕДАГОГИКАСЫНЫҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗІ

«Әдіснама» – Ғылыми-танымдық іс-әрекеттерді құрудың ұстанымдары, формалары мен амалдары туралы ілім.

Э.Г.Юдин әдіснамалық білімдер құрылымын төрт деңгейге бөледі:

- философиялық
- жалпы ғылыми
- нақты ғылыми
- технологиялық

Біріншісі, философиялық әдіснаманың деңгейлік мазмұны, таным ұстанымы мен ғылымның категориялық аппаратын құраса, сонымен бірге философиялық білім жүйесі әдіснамалық қызмет атқарады.

Екінші деңгейде, жалпы ғылыми-әдіснама теориялық тұжырымдаманы құрып, көптеген ғылыми пәндерге бағыт-бағдар береді.

Үшінші деңгей – нақты ғылыми әдіснама, бұл арнайы ғылыми пәннің әдістерін айқындап, зерттеудің ұстанымдары мен ұйымдастыру жолдарын белгілейді.

Төртінші деңгей – технологиялық әдіснама, зерттеудің әдістемесі мен техникасын құрайды. Мысалы, тәжірибелік-эксперимент материалдарын жинақтау, оларды алғашқы талдау, қорытындылау, ұсыныстар беру, т.б. жатады. Сонымен, әдіснаманың барлық деңгейлері бір-бірін толықтырып тұратын жүйені құрастырады.

Жоғары мектеп педагогикасының Ғылыми-зерттеу Әдістері

Зерттеу әдісі – күрделі таным сатыларының реті, зерттеудің таным операцияларының іске асуының белгілі бір тәртібін белгілейтін әртүрлі әдіс – тәсілдерінің жиынтығынан тұрады.

Теориялық әдіс – талдау, жинақтау, тұжырымдау, салыстыру, жіктеу, моделдеуге құрылады.

Эмпирикалық әдіс деректер жинау, сұрыпталған айғақтарды ғылыми жүйеге келтіру. Бұл әдіске бақылау, қажетті құжаттарды зерттеу, әңгімелесу, сауалнама, сұхбаттасу, т.б. енеді. Жобалық болжамды тиянақты айқындай түсу үшін эксперименттер қолданылады.

Математикалық әдіс – құбылыстар мен қолданыстағы жүйенің арақатынасының межелік айырымды сандық сапа арқылы белгілейді. Бұл әдіске регистрациялық тіркеу, шкалалық көрсеткіш, көлемі мен деңгейіне қарай сапқа түзу, т.б. енеді.

Жоғары мектеп оқытушысына қойылатын талаптар:


- «Ұстаз қандай болса, қоғамы да сондай» деген бұлжыма заңдылық қай қоғамда да көкейкесті мәселе.
- **Жаңа формация мұғалімі** - рухани дамыған жеке тұлға. Кәсіби дағдыланған, педагогикалық дарыны бар, жаңашылдыққа бейім, өз-өзін талдауға қабілетті. Кәсіби оқытушы тек қана өз пәнін ғана емес, педагогикалық процестегі әрбір мүшенің орнын анық біледі; студенттердің іс-әрекетін ұйымдастыра алады, нәтижелерін болжай біледі, кемшіліктерін түзете алады. Ол міндетті түрде құзыретті жеке тұлға болуы керек. Құзыретті педагог құзыреттіліктің үш тобын қалыптастыра алады:

1.Әдіснамалық
(психология,
педагогика)

2.Жалпы мәдениетті
(дүниетанымдық)

3.Пәндік-бағдарлы

Жоғары мектеп оқытушысы-экономикалық қатынас жағдайындағы белсенді, кәсіби және әлеуметтік қызметке даярланған болуы керек. Жоғары мектеп оқытушысы мынадай негізгі талаптарға сай болуы қажет:



Мамандығы бойынша негізгі дайындығы болуы;

Адамдардың адамға, қоғамға қатынасын реттейтін құқықтық және этикалық нормаларын білуі;

Қазіргі білім беру технологиясын пайдалана отырып, жаңа білім алу, өз еңбегін ғылыми негізде ұйымдасыра білуі;

Компьютерлік техниканы меңгеруі;

Ғылыми, іскерлік, қоғамдық, саяси және тұрмыстық тілдер ауқымында мемлекеттік және шет тілдерде сөйлесе білуі.

Жоғары мектепте оқу мен тәрбие процестерінің бір-бірімен етене бірлігіне қол жеткізу, Ұстаздардың алдына студенттердің бойында Ғылыми-дүниетаным, моралдық саяси сапалар, еңбек сүйгіштік қасиеттерін қалыптастыру, олардың қоғамдық белсенділігін барынша дамыту міндетін қойып отыр. Осыған орай, студенттердің оқу мерзімінің барлық кезеңіне арналған тәрбие беру жұмысының бірыңғай болашақ жоспарының ұстанымдары мынадай:

1. Бүкіл тәрбие жұмысын кешенді түрде, яғни тәрбиенің барлық сапаларын (саяси-идеялық, еңбек, адамгершілік, эстетикалық, дене тәрбиесі) біріктіріп жүзеге асыру;

2. Оқу, Ғылым және тәрбие жұмыстарының тұтастығын қамтамасыз ету;

3. Курс сайын тәрбие жұмысының мазмұнын белгілеуде, әдістері мен ұйымдастыру формаларын қолдануда, бірізділіктің болуын ескеру.

Қорытынды:

- XIX ғасырға дейін ғылыми ізденістердің пәндік саласын анықтауға байланысты ғылымдардың жіктелуі қарқынды жүрді. Сонымен бірге білім көлемінің өсуі жеке пәндерінің бөлінуіне алып келеді, яғни пәннің өзінің ішінде бөлініп даралануы басталды. Педагогика ғылымы да біртіндеп, алдына қойған мақсаттары, оқушылардың жас ерекшеліктері, оларды оқыту және тәрбиелеу, оқу орнындарының түрлері бойынша саралана бастады.
- Педагогика ғылымдарының жүйесіне: жалпы педагогика, жас ерекшелік педагогикасы, мектепке дейінгі педагогика, кәсіби педагогика, педагогика мен білім берудің тарихы, салалық педагогика, коррекциялық педагогика, салыстырмалы педагогика, жеке пәндер әдістемесі, жоғары мектеп педагогикасы және т.б. жатады. Кейінгі кезде педагогикалық білімнің жеке саласы ретінде әлеуметтік педагогика пайда болды.
- Жоғары мектеп педагогикасы философия, психология, жалпы педагогика, логика, тарих, математика, этнопедагогика мен этнопсихология т.б. ғылымдармен тығыз байланыста жүзеге асады.